

«Гүлдер» жекеменшік балабақшасы

Этикалық мәдениет – тәрбиешінің кәсіби келбеті

(семинар)

Өткізген әдіскер: Бөлтек Г.Б

2023-2024

Семинар

Тақырыбы: «Этикалық мәдениет – тәрбиешінің кәсіби келбеті»

Форматы: дәріс, топтық жұмыс, жаттығулар, пікірталас

Семинардың мақсаты: тәрбиешілердің кәсіби қызметіндегі этикалық мәдениеттің маңызын түсіндіру, кәсіби әдеп нормаларын сақтауға бағыт беру, қарым-қатынас мәдениетін жетілдіру және педагогтің жағымды кәсіби келбетін қалыптастыруға ықпал ету.

Міндеттері:

- Этикалық мәдениет туралы түсініктерін кеңейту;
- Тәрбиешінің кәсіби этикасының негізгі қағидаларын таныстыру;
- Педагогикалық жағдаяттарды этикалық тұрғыдан талдау дағдыларын дамыту;
- Ата-аналармен, балалармен және әріптестермен тиімді қарым-қатынас орнату мәдениетін қалыптастыру;
- Қатысушылардың өзін-өзі бағалау және кәсіби рефлексия жасау қабілеттерін жетілдіру.

Күтілетін нәтиже:

Қатысушылар кәсіби этиканың маңызын түсінеді, педагогикалық жағдаяттарда этикалық шешім қабылдау дағдыларын жетілдіреді және өздерінің кәсіби келбетін дамыту жолдарын анықтайды.

I. Кіріспе бөлім

- Тақырыптың өзектілігін түсіндіру.
- «Этика дегеніміз не?» – шағын миға шабуыл.
 1. Әр қатысушы этика туралы бір сөз айтады (әдеп, сыйластық, мәдениет, жауапкершілік т.б.).
 2. Флипчартқа жазылады.

II. Негізгі бөлім

1. Теориялық блок

- Этикалық мәдениет ұғымы.
- Тәрбиешінің кәсіби келбетінің негізгі қырлары:
 - о сөйлеу мәдениеті;
 - о сыртқы бейне;
 - о қарым-қатынас әдебі; о құндылық бағдарлары.

Практикалық жаттығулар

Жаттығу 1: «Жағдаятты шешу»

Қатысушыларға 3 жағдаят беріледі:

1. Ата-ана тәрбиешіге баласының тәртібі үшін шағымданды.
2. Баланың қателігіне тәрбиешінің реакциясы.
3. Әріптеспен келіспеушілік туындады.

Әр топ жағдаятты талқылап, этикалық тұрғыдан дұрыс шешімін ұсынады.

Жаттығу 2: «Этикалық кодекс»

Қатысушылар шағын топта тәрбиешінің кәсіби этикасына қатысты 5 ережеден тұратын «кодекс» құрастырады.

Әр топ өз кодексін таныстырады.

Жаттығу 3: «Менің кәсіби келбетім»

- Әр қатысушыға парақ беріледі.
- Тапсырма: «Мен тәрбиеші ретінде қандай қасиеттеріммен ерекшеленемін?» деген сұраққа жауап жазу.
- Кейін жұппен бөлісіп, пікір алмасады.

III. Қорытынды бөлім

- «Этикалық мәдениет – кәсіби келбеттің айнасы» деген қорытынды ой.
- Рефлексия: қатысушылар семинардан алған әсерін бір сөзбен сипаттайды (мысалы: сенім, сыйластық, жауапкершілік).
- Ұсыныстар: кәсіби этиканы дамыту үшін өзін-өзі бақылау, әріптестермен тәжірибе алмасу, ата-анамен ашық қарым-қатынас жүргізу.